

болуы . Үштілділік қазақ тілінің даму көкжиектерін кеңейтеді. Ол адам өміріндегі жетістіктің бірінші қағидасы екенін ұғындыру. Оны бүгінгі заман талабы ретінде қабылдауымыз қажет. Біз өз мемлекетіміздің дүниежүзілік деңгейдегі беделінің өсіп, 50 елдің қатарында олармен сөйлесе алуымыз үшін қазақ орыс тілдерімен қатар ағылшын тілінде де сөйлеп тұрсақ, деңгейімізді танытқандығымыз емес пе?! Адам бала кезінен қалыптасады. Мектепке дейінгі жастан бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қаланады. Ұстаздардың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – Отанға, туған елге, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Үштік тілге үйрету оқыту сабақтарын мағынасын іріктеу кезінде бірқатар ұстанымдарды ескеру өте қажет. Басты ұстанымның бірі – тәрбие мен оқуды күніге әдетке айналдыру. Бұны үйретуге жастарымызды жатпайтұрмай баулуымыз керек. Оның қажеттілігін уақыт өткен сайын өткір сезініп келеміз. Олай болса, көптілділік, үш тұғырлы тіл ұлт келешегінің де, ұрпақ келешегінің де кілті екендігі әрқашан әрқайсымыздың қаперімізде болсын демекпіз.

Әдебиеттер тізімі :

1. Бозова С.У . Кәсіптік тілдің кепілі – үштілділік. - 2017. Назар Қасым. Егемен Қазақстан – 2016 . Дуйсеналиева М.О. Үштілділік заман талабы. 2019.

ҒАЛАМДЫҚ ЖАҒАНДАНУДАҒЫ ТІЛ МӘСЕЛЕСІ МЕН ОНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Курманбаева А.М.

(ғылыми жетекші-аға оқытушы Отынишиева М.Т.)

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан, Қарағанды қ.

Аңдатпа: Бұл мақалада еліміздегі заман талабына сай үштілділік білім берудің жан-жақты мәселелері, өзге тілді меңгерудің тиімді әдіс-тәсілдері, сондай-ақ адамның көзқарасын жаңаша түсінікпен қалыптастыратындай, өзекті де, өзгеше ұғымдар қарастырылған. Қазақстанда ағылшын тілі әлемдік тіл болып танылмағанымен, ол жаһанданған мына заманда ғылыми тіл ретінде аса маңызды рөлге ие. Қай тараптан қарасақ та, ағылшын тілінің біздің даму жолымызда алар үлесі молынан болмақ екені мақалада жан-жақты қарастырылған.

Кілт сөздер: жаһандану, үштілділік, ұлтаралық, үштұғырлы, рухани.

Тіл-кез келген саланың басты қажеттілігі екені айтпаса да түсінікті. Осындай дамудың бағыт-бағдарын дұрыс бағамдай білген мемлекетіміз заман ағымын сараптап, саралай отырып әлемде кең қанат жайған тілдерді

меңгеру қажеттігін түсінді және тіл дамыту саласында да нақты қадамдар жасай білді. Содан бері осы бағытта қаншама жұмыстар атқарылды. Даму жолында әлем елдерімен тығыз байланысқа түсуге тура келеді. Байланыс орнатудың басты құралы - ағылшын тілі. Ал оны үйрену уақыттың өзі тудырып отырған қажеттілік. Енді осы бағытты таңдап, дамуды мақсат тұтып, жарқын болашаққа бастар жолға түскендіктен бұл ұстанымымызды барынша тереңдете түсуіміз керек. Үш тілде бірдей сөйлей алатын баланың айналасындағы тілдік күрделі жағдай оның интеллектуалды дамуына жол ашып, мәселенің мән-жайын тез аңғару қабілетінің қалыптасуына көмектеседі және баланың тез ойлау қабілетін арттыруға ықпал етеді. Оның себебі, ғалымдардың айтуы бойынша, адам бір тілден екінші тілге көшкенде ми ақпараттарды тез арада реттеп, ақпараттың арасындағы ең маңыздыларын теріп алады. Бүгінгі таңда, технология мен жаһандану үрдісі қарқынды түрде жүруде, демек, көптілділікке сұраныс та соған сәйкес арту үстінде. Қазіргі таңда, әлемде халықтардың бір-біріне деген қарым-қатынастарының және тәуелділіктің басым болуына байланысты жас ұрпақты бәсекелестікке дайындаудың жолы осы көптілділік саясатын ұстануда жатыр. Қазір білім ордаларында бірнеше тілде бірдей оқыту жас ұрпақтың білім кеңестігін ұлғайтып, ой өрісін дамыта алады. Сонымен қатар, көптілділік жастардың ғылым сырларына үңіліп, өз қабілетін шыңдауына қолайлы жағдай тудыра алады. Жаңа ғасырда қоғамдық қатынас жағдайында адамның өзін-өзі дамытуына және бәсекеге қабілеттілігіне байланысты болып келеді. Қазіргі өзгеріске толы заманға сәйкес болу үшін еліміздің азаматтары өз ана тілін ғана емес, шет тілдерін де білуі қажет. Көп тілді меңгеру ел азаматтарының өздеріне ғана емес, ел үшін де орасан зор пайдасын әкелмек. Сондықтан, қазіргі қоғамда көп тілді болу кез келген адамды жаңашылдыққа, тың өмірге бастайтын жол болып саналады. Оның себебі, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да алатын маман бәсекеге қабілетті тұлғаға айнала отырып, елінің дамуына өз үлесін қосады. Бірнеше тілді меңгерген адам әуелі өз тілінде ойлап, діндеген ойын айта алатын, жұртпен бәсекеге түсіп, әр қилы салт пен мәдениетті санасына сіңіре отырып сараптай алатын айтулы тұлғаға айнала алады. Қазіргі таңда «көптілділік» өз шешімін таппаған, ауқымды мәселеге айналып отыр, сол себепті, осы тығырықтан шығу үшін қиындыққа қарсы әрекет жасау керек, яғни, «үштілдікті» тез арада жүзеге асыру қажет. Қазақстанның тілдер саясатындағы басты бағыт - тілдердің үштұғырлылығы. Тілдердің бірлік пен үйлесімде өмір сүруі және бір-бірін ығыстырмауы тілдер гармониясын құрып, солай аталып та жүр. Басымдылық мемлекеттік тілге беріліп отырғаны баршаға белгілі. Ағылшын тілін меңгеруге ден қойылуда. Алайда, Қазақстан жерінде тұратын азаматтардың басын біріктіретін тіл ретінде қазақ тілі көш бастауы керек. Келер ұрпақтың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі заман талап етіп отырған жағдай. Елдің ертеңі өсер биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтардың өсуі үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Қазақстанның тәуелсіз

елге айналып, әлемдік өркениеттің даму жолына түсуі көптілді жетік меңгеруді талап етеді. Осыған орай, білім беру жүйесінде мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі - өмірден өз орнын таңдай алатын, өз ара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен өз пікірін айта білетін полимәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Бұл шетел тілі пән мұғалімдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Қазіргі заман талабына сай мұғалім үлкен дайындықпен, жаңаша әдіс-тәсілдермен, түрлі тапсырмалармен ізденіс үстінде сабақты түрлендіріп отыруы қажет. Болашақ ұрпақтың дамуы ұстаздардың белсенділігіне, білім деңгейіне, шығармашылық іс-әрекетіне байланысты болмақ.

Үштілділік - бәсекеге қабілетті елдер қатарына апаратын басты баспалдақтардың бірі. Үштілділік-табысты мансаптың кепілі. Мансап үшін шет тілін үйрену іскерлік қарым-қатынас дағдыларына, серіктестік ынтымастыққа, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етеді. Тілдерді меңгеру өмір жолындағы табыстың кепілі болып табылады, бір саты жоғары көтерілуге, қарым-қатынастың кең кеңістігін қамтуға, мәдениеттің ұлттық ерекшеліктерімен және басқа елдер халықтарының дәстүрлерімен танысуға мүмкіндік береді. Қазақстандағы қазіргі білім берудің маңызды бөлігі - осы үштұғырлы тілде білім беру. Ол дегенім білім алушылардың басқа ұлттардың мәдениетін білуі, өмір сүру мәдениетін білуі, өмір сүру салтын, дәстүрін білім, халықтардың рухани құндылықтарын тану, өзге ұлттардың мәдени құндылықтарын сыйлау, қадірлеу. Көптілді оқыту - заман талабы. Негізгі мақсат: бірнеше тілді меңгерген, әлеуметтік және кәсіптік анықтауға қабілетті мәдениетті тұлғаны дамыту және қалыптастыру. «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілді пайдаланып, қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» - деп Елбасымыз өзінің жолдауында айтып өткен болатын. Иә, шынында да қазіргі заман өз ағымына сай шетел тілін талап етуде. Шетел тілі бірінші дүниежүзілік әмбебап тілі болып табылады. Еліміздің тарихында болып жатқан саяси әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік, ұлттар мен ұлыстардың бір-бірін түсініп, тілдесуіне аса маңызы бар ағылшын тілінің өзіндік рөлі зор. Қазақстан бүгінде салыстырмалы түрде дамушы елдердің қатарында Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауында республикамыздың 2020-жылға қарай әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу жөнінде жаңа стратегиялық мақсаты қойылған болатын. Ал ендігі мақсатты айқын жүзеге асыру үшін, Қазақстанға білім, денсаулық саласында жаңғырту жүріп жатқаны белгілі. Елбасымыздың тікелей бастамасынан кейін тәуелсіз Қазақстан кішкентай мерзім ішінде ең үздік елу елдің қатарына қосылу. Осы тұста білімділіктің алар орны ерекше болмақ. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашығы білімді де, білгір жас ұрпақтың қолында. Жалынды жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздірінің сенімді ізбасарлары екенін

дәлелдеуде. Ендігі мақсатты нақты түрде жүзеге асыру үшін білімді болуы керек. Неғұрлым көп тілді меңгерген сайын, жастардың көзі соғұрлым ашылып, Қазақстанның алпауыт елдермен теңдесе, көшіне еруіне, үлкен үлесі болады. Қазақстан бүгінде өзінің даму бағытын таңдап алды, яғни Қазақстанның даму бағыты - білімді жастар. Ал олардың білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болып қалыптасып, өз мемлекетінің даму жолында аянбай еңбек етіп, сол дәрежеге жеткенін көру үшін оларға жағдай жасауға міндетті – үкімет.

Үш тұғырлы тіліміз жайында әңгіме шыға бастағаннан бері жұрт арасында әртүрлі пікірлер қалыптаса бастады. Олардың ішінде біреулері жаңалықты жақтаса, ендігі бір парасы оның ұтымдылығына күмәнмен қарайды. Бүгінгі күні қазақ немесе орыс тілінде сөйлейтіндердің арасында көзге көрінбейтін сызат түсіп қалатын кездері болады. Ал енді шындығына келсек, үштілді білім беру жүйесін іске асыру халықтың барлық топтарын біріктіріп, қазақ және орыс тілінде сөйлейтін қауымның ортақ ақпараттық өрісте бірігуіне, бірін-бірі неғұрлым жақсырақ түсінуіне, жүрекпен ұғысуына үлкен мүмкіндік береді. Қазіргі таңда еліміздің басқа мемлекеттерімен қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды ерте бастан, мектеп қабырғасынан оқытып шығару - қазіргі кездегі біздің ең басты міндетіміз.

Бүгінде үштілділік білім беру бағдарламасын, еліміздің оқыту жүйесінің қатарынан көріп жүрміз. Демек, қандай да бір нәтиже шығарына сенеміз. Үштілді білім беру бағдарламасы аясында үлкен тәжірбие жинақтап, әлемдік деңгейге көтерілуіміз керек. Бұл оқушылардың, студенттердің, жалпы білім алушылардың халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуге, сонымен қатар олардың тарихы мен тұрмысы жайында нақты да, деректі мағлұматтар алуға үлкен мүмкіндік береді. Елдің ертеңі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтары мен азаматшаларын өсіру үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірлермен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Қорытынды сөзге келсек, қазақта бір жақсы сөз бар «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте!» қанша жерден заман талабы деп өзге тілді жетік меңгеруге ұмтылсақ та, өзіміздің ұлттық құндылығымызды ұмытпайық, тұғыры биік ана тіліміздің қадірін кетіріп, өз туымызды өзіміз жығып алмайық!

Әдебиеттер тізімі:

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. Астана. 28 сәуір, 2010.
2. Қазақстан мектебі: Шетел тілінің маманының кәсіби ерекшелігі. №5, 2013.
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша

құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Егемен Қазақстан. №3-2006.

ҮШТІЛДІЛІК-ЖАХАНДАНУ ЗАМАНЫНЫҢ ТАЛАБЫ

Қаржаубаева Д.Қ.

(ғылыми жетекші- оқытушы, магистр Есбергенова Г.И.)

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан,
Орал қ.*

Аңдатпа: Үштілділіктің болашақ мәселесі мен бағдарламасы және мемлекеттік тілдің алатын орны.

Кілт сөздер: үштілділік, рухани болмыс, көпұлтты қоғам, мәдени мұра, үштілді білім бұру, өзіндік дәстүр, жас ұрпақ, мемлекеттік мекеме, ұлттық мәдениет.

Өзге тілдің бәрін біл-өз тілінді құрметте демекші, ел тәуелсіздігінің маңызды нышаны – бұл мемлекеттік тіл. Ол – тәуелсіз ұлттың мәдениеті мен салт-санасының, рухани болмысының тірегі. Тіл арқылы халық өзге халықтардан ерекшеленеді. «Қай ұлт болсын тілі арқылы ғана халықтың өзге туыс және туыс емес халықтардан ерекше болмысы мен табиғи қалпын, өзіндік дәстүрін көрсете алады». [1, 6]. Тіл – ұлттың өзгеден даралығын анықтайтын белгісі. Бүгінгі таңда мен Батыс Қазақстан облысы, Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, Филология факультеті, шет тілі мамандығында оқып жатырмын. Осы мамандықта оқи жүріп мен тілдің, жалпы үштілділіктің маңызын, өзектілігін түсіндім. Жалпы үштілділікті дамыту бұл-жас ұрпақтың білім кеңістігіндегі еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі ең басты қажеттілік деп санаймын. Қазіргі заман ағымындағы қажетті тіл ол-ағылшын тілі. Мысалға алатын болсақ, көшеден кез келген бір адамды тоқтатып болашақтың тілі қандай тіл?- деп сұрақ қойса онда әлгі адам да, ағылшын тілі деп жауап береді. Әрине, бұл сұрақтың жауабы дұрыс не бұрыс деп ештеңе айта алмаймыз, себебі болар күн алдыда. Ешкім уақытты алға жылжытып жауабын айтқан емес. Дегенмен, біз осы орында өзге емес өз ана тілімізді көргіміз келетіні анық.

«Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бұл бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі деп санауымызға болады». Бүгінгі күні үштілді білім беру – заман талабына айналып отыр. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаев жастардың қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын тілдерін де белсенді меңгеруі үшін мемлекеттік деңгейде шексіз мүмкіндіктер жасауда. Көп тіл білу - біздің мемлекетіміздің халықаралық байланыстарын дамытуға мүмкіндік беретін